

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаратөбе ауылдық округінің шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 291 бірлескен қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 12-9 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қаңтарда № 26441 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаратөбе ауылдық округінің шекарасы қоса берілген жерлердің экспликациясына сәйкес өзгертілсін.

2. Қаратөбе ауылдық округінің шекарасының жалпы аумағы 1707,261 гектар болып белгіленсін.

3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Жамбыл облыстық

М. Сарыбеков

мәслихатының хатшысы

Жамбыл облысы әкімдігінің
2021 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 291 бірлескен қаулысы және
Жамбыл облыстық
мәслихатының 2021 жылғы 13
желтоқсандағы № 12-9
шешімнің қосымшасы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаратөбе ауылдық округінің жерлерінің экспликациясы

№	Атауы	Жерлердің жалпы көлемі, гектар	Барлық ауыл шаруашылық алқаптары, гектар	оның ішінде				Басқа жерлер, гектар
				егістік, гектар	шабындық, гектар	к ө п жылдық екпелер, гектар	жайылымдар, гектар	
1	Қаратөбе ауылдық округі	1597,92	1401,92	230,78	66	13	1092,14	196

2	" Новоджам булец" тұтыну кооперати вінің Қаратөбе ауылдық округіне қосылған жерлері	66,4333	-	-	-	-	-	66,4333
3	" Дорожник " тұтыну кооперати вінің Қаратөбе ауылдық округіне қосылған жерлері	42,9077	-	-	-	-	-	42,9077